



4-сурет. Металдық байланыс схемасы

Металдық байланыстағы делокализацияланған электрондар тордағы атомдардың кез келгеніне тиесілі болуы мүмкін, сондықтан металдар электр тогын өткізеді. Осылайша, жоғарыда айтылған химиялық байланыстар түрлері туралы ақпараттың негізінде та-

биғаттағы заттардың алуан түрлілігін түсіндіруге болады. Әрине, әрбір нақты затты алудың әртүрлі әдістері болуы мүмкін, бірақ олардың жеке зат ретінде қалыптасуының химизмі тек иондық, ковалентті немесе металдық байланыс тұрғысынан ғана түсіндіріледі